Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** Жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** Новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.2 – Б. 127-128

ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОЛТҮСТІГІНДЕ ЖЫЛҚЫ ПАРАЗИТОЗДАРЫНА ҚАРСЫ ҚОЛДАНҒАН ПРЕПАРАТТАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Тұрманов Е.

Жылқы санының елімізде 1,6 миллионды құрағанына қарамастан індеттік жағдай, соның ішінде паразитарлық аурулар бойынша мәз емес. Жайылымда болған жылқылардың басым бөлігі ішқұрттарына дерттеніп, келер жылы жаңа туған құлындардың шалдығуымен жалғасады. Малшы қауым жылқыны дәрілеудің оңай емес екендігін біліп (асау, жүген-құрық тимеген), тек семіртуге қойған жылқы басын ивермектиндермен жекелеп дәрілеуді әдетке айналдырған.

Қазіргі уақытта ҚР аумағына сырттан әкелініп, қолданыстағы тиімді антипаразитарлық препараттар жеткілікті деп айтуға болады. Алайда, осыған қарамастан, негізінен 3 топқа жататын емдік дәрілердің қолданылу аясы өте аз. Тек жылқыға арналған препараттарға сұраныс болмаған соң тиімді, организмге қауіпсіз түрлері назадан тыс қалып отыр.

Жылқылардың паразитоздарға шалдығу қарқынын ветеринарияда мәлім әдістердің көмегімен жүргіздік.

Осыны ескере, біз емдік-сақтық дәрілеулерді жүргізу үшін соңғы жылдары елімізге сатуға түскен 6 препарат: эквалан-дуо (Алмания), эквисект, алезан (Ресей), максимек (Голландия), бровадозол-гель, бровермектин-гель (Украина) түрлерін Ақмола және Қостанай облыстарына қарасты шаруа қожалықтарындағы 264 бас жылқыда сынақтан өткізуді мақсат қойдық.

Алдын ала жүргізілген лабораторлық жағдайда жылқы нәжісін зерттеу нәтижесінде орташа есеппен гельминтоздардан: стронгилятоздарға 93%, (ИИ 12-491 дана), параскаридозға 42% (12-47 дана), оксиурозға 37% (3-19 дана), аноплоцефалидоздарға 6,7% (9-21 дана) залалданғандары және бөгелек тудырған гастерофилезге 97% дейінгілерінің дерттенгендері анықталды.

Дәріленнен кейін 7-10 күндері жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша Эквалан-дуо - 100%, Эквисект – 98%, Максимек – 100%, Алезан – 100%, Бровермектин-гель – 97% нематодоздар мен гастерофилезден сауықтырса, Алезан 100% жұмыр және таспа құрттардан, ал Бровадозол-гель – 96% тек нематодоздардан арылтатындығы анықталды.